

Павлодар облысында жылу беру маусымына дайындық және оны өткізу қағидаларын бекіту туралы

Павлодар облыстық мәслихатының 2025 жылғы 30 сәуірдегі № 193/21 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2025 жылғы 5 мамырда № 7663-14 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 4-1) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Құқтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес, Павлодар облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қоса беріліп отырған Павлодар облысында жылу беру маусымына дайындық және оны өткізу қағидалары бекітілсін.

2. Павлодар облыстық мәслихаттың кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын:

1) Павлодар облыстық мәслихатының "Павлодар облысында жылу беру маусымына дайындық және оны өткізу қағидаларын бекіту туралы" 2019 жылғы 14 маусымдағы № 352/31 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6450 болып тіркелген) шешімі;

2) Павлодар облыстық мәслихатының "Павлодар облыстық мәслихатының 2019 жылғы 14 маусымдағы № 352/31 "Павлодар облысында жылу беру маусымына дайындық және оны өткізу қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2021 жылғы 26 қарашадағы № 85/8 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 25571 болып тіркелген) шешімі.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Павлодар облыстық мәслихатының төрағасы

И. Теренченко

Павлодар облыстық
мәслихатының 2025
жылғы 30 сәуірдегі
№ 193/21 шешімімен
бекітілген

Павлодар облысында жылу беру маусымына дайындық және оны өткізу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Павлодар облысында жылу беру маусымына дайындық және оны өткізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім), Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы", "

Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Электр энергетикасы туралы", "Жылу энергетикасы туралы" Заңдарына, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 18 желтоқсандағы "Жылу энергиясын пайдалану қағидаларын бекіту туралы" № 211 бұйрығына (бұдан әрі – Жылу энергиясын пайдалану қағидалары), Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 29 сәуірдегі "Коммуналдық көрсетілетін қызметтердің тізбесін және коммуналдық көрсетілетін қызметтерді ұсынудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" № 249 бұйрығына сәйкес әзірленді және Павлодар облысында жылу беру маусымына дайындық және оны өткізу тәртібін анықтайды.

2. Қағидалар Павлодар облысы жергілікті атқарушы органдарының, тұрғын үй-коммуналдық және энергетикалық кешен кәсіпорындары мен ұйымдарының энергетикалық кешен, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және әлеуметтік сала объектілерін жылу беру маусымына дайындау жөніндегі қызмет тәртібін үйлестіреді.

3. Облыстың тұрғын үй-коммуналдық және энергетикалық кешеніне жататын кәсіпорындар мен ұйымдар тұтынушыларды жылумен, сумен, электрмен жабдықтауды және су бұрумен тұрақты қамтамасыз етеді, сондай-ақ энергия тасығыштардың қажетті параметрлерін сақтайды және тұрғын үйлер мен ғимараттарда қалыпты температуралық режимді, олардың белгіленуін ескере отырып қамтамасыз етеді.

4. Қағидаларда қолданылатын негізгі ұғымдар:

1) кондоминиум объектісі – дара (бөлек) меншіктегі пәтерлерден, тұрғын емес үй-жайлардан, орынтұрақ орындарынан, қоймалардан және дара (бөлек) меншікте болмайтын және пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың, орынтұрақ орындары, қоймалардың меншік иелеріне көппәтерлі тұрғын үй тұрған біртұтас бөлінбейтін жер учаскесін және (немесе) үй жанындағы жер учаскесін қоса алғанда, ортақ үлестік меншік құқығымен тиесілі ортақ мүліктен тұратын біртұтас мүліктік кешен;

2) басқарушы компания – жасалған шарт негізінде кондоминиум объектісін басқару жөніндегі қызметтерді көрсететін жеке немесе заңды тұлға;

3) сервистік қызмет субъектісі – жасалған шарт негізінде кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстау жөніндегі қызметтерді көрсететін жеке немесе заңды тұлға;

4) тұтынушы – коммуналдық көрсетілетін қызметтерді пайдаланатын немесе пайдалану ниеті бар жеке немесе заңды тұлға;

5) жылумен жабдықтау жүйесі – жылу жеткізгішті өндіруге, тасымалдауға және пайдалануға арналған қондырғылар кешені;

6) әзірлік паспорты – жылу өндіруші және жылу тасымалдаушы субъектілердің күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлігін растайтын, жыл сайын берілетін құжат;

7) температуралық кесте – энергия беруші ұйым жасаған және жергілікті атқарушы органмен келісілген тұтынушыны есепке алу торабындағы сыртқы ауа температурасына байланысты жылу жеткізгіш температурасының өзгеру кестесі;

8) жылу энергиясының көзі – жылу энергиясын өндіруге арналған жылу электр орталығы, қазандықтар және басқа да құрылғылар және (немесе) кондырғылар;

9) жылу тұтынатын кондырғылар – жылу энергиясын тұтынушының мұқтаждықтары үшін жылу энергиясын, жылу жеткізгішті пайдалануға арналған құрылғылар кешені;

10) жылумен жабдықтау – тұтынушыларды жылу энергиясымен, жылу жеткізгішпен қамтамасыз ету, оның ішінде жылу қуатын ұстап тұру;

11) жылумен жабдықтау субъектілері – жылу өндіруші және жылу тасымалдаушы субъектілер;

12) жылу өндіруші субъект – жылу энергиясын өндіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға;

13) жылу тасымалдаушы субъект – жылу энергиясын тасымалдау және (немесе) өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға;

14) жылу қуаты – жылу энергиясының көзімен өндірілуі, жылу желілері арқылы берілуі және (немесе) жылу энергиясын тұтынушы уақыт бірлігі ішінде қабылдауы мүмкін жылу энергиясының мөлшері;

15) жылумен жабдықтау сапасы – жылумен жабдықтау сипаттамаларының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген термодинамикалық параметрлерге сәйкес келуі;

16) жылу энергетика субъектілері – жылумен жабдықтау субъектілері және жылу энергиясын тұтынушылар;

17) жергілікті жылумен жабдықтау жүйесі – бір жеке немесе заңды тұлғаға тиесілі не кондоминиум объектісінің ортақ мүлкінің құрамына кіретін және орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйесінің желілері болып табылмайтын жылу желілері арқылы бір немесе бірнеше жылу энергиясы көзінен бір немесе бірнеше жылу энергиясын тұтынушы үшін жұмыс істейтін жылумен жабдықтау жүйесі;

18) орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйесі – тұтынушылардың (тұрмыстық қажеттіліктер үшін жылу энергиясын пайдаланатын) жиынтық қосылған жүктемесі жиырма мегаваттан асатын жылу желілері арқылы тұтынушыларға жылу жеткізгішті тасымалдай отырып, бір немесе бірнеше жылу энергиясы көзінен жылумен жабдықтайтын жүйе.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен анықтамалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қолданылады.

5. Күзгі-қысқы жағдайда Павлодар облысының энергетикалық кешені, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және әлеуметтік сала объектілерін жұмысқа дайындалуы жыл сайын жүзеге асырылады.

6. Жылу беру маусымына дайындықты және оны өткізуді ұйымдастыруды облыстың қалалары мен аудандарының жергілікті атқарушы органдары жүзеге асырады.

7. Облыстың энергетикалық кешені, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және әлеуметтік сала объектілерін жылу беру маусымына дайындау жөніндегі іс-шаралар әзірленеді және жыл сайын келесі тәртіпте ұсынылады:

тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, әлеуметтік салаға жататын кәсіпорындар мен ұйымдар жылу беру маусымы аяқталғаннан кейін тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, әлеуметтік сала объектілерін дайындау жөніндегі іс-шараларды әзірлейді және қалалар мен аудандардың жергілікті атқарушы органдарына ұсынады;

қалалар мен аудандардың жергілікті атқарушы органдары ұсынылған іс-шаралар негізінде қалалар мен аудандардың тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және әлеуметтік сала объектілерін дайындау жөніндегі іс-шараларды әзірлейді және тиісті қаулылармен бекітеді және жыл сайын ағымдағы жылдың 1 сәуіріне дейін "Павлодар облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі - Басқарма) ұсынылады;

жылу және электр энергиясын өндіретін кәсіпорындар іс-шаралар туралы ақпаратты Басқармаға қосымша ұсынады.

Басқарма кәсіпорындар және қалалар мен аудандардың жергілікті атқарушы органдары ұсынған іс-шаралар негізінде облыстың энергетикалық кешені, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және әлеуметтік сала объектілерін дайындау жөніндегі іс-шараларды әзірлейді және Павлодар облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарымен бекітеді.

8. Жылу беру маусымына дайындық жөніндегі іс-шараларды орындау бойынша ақпарат ай сайын есепті кезеңнен кейінгі 1-ші күнге ерікті түрде беріледі:

тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық пен әлеуметтік салаға кіретін кәсіпорындар мен ұйымдар қалалар мен аудандардың жергілікті атқарушы органдарына кәсіпорындар мен ұйымдар бойынша ақпарат түрінде;

қалалар мен аудандардың жергілікті атқарушы органдары қалалар мен аудандар бойынша жиынтық ақпарат түрінде Басқармаға;

жылу және электр энергиясын өндіретін кәсіпорындар Басқармаға қосымша ұсынады.

9. Жылу беру маусымына дайындалу кезінде жоспарланған жұмыстар орындалмаған кезде ақпаратта:

- 1) орындалмау себептері;
- 2) жағдайды түзету бойынша қолданылып жатқан шаралар;
- 3) жұмыстарды орындаудың жаңа мерзімдері көрсетіледі.

10. Қалалар мен аудандарды энергиямен қамтамасыз ету мәселелері бойынша кәсіпорындар мен ұйымдардың жедел-диспетчерлік қызметтерінің өзара іс-қимылы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес анықталады.

Жылумен жабдықтау жүйелеріне қатысушылар арасында туындайтын қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

2-тарау. Жылу беру маусымына дайындық

11. Жылу беру маусымына дайындық:

өткен жылу беру маусымында анықталған кемшіліктерді талдау, оларды жою бойынша іс-шараларды әзірлеу мен орындауды;

облыстың энергетикалық кешен, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және әлеуметтік сала кәсіпорындарын дайындау жөніндегі іс-шараларды әзірлеуді және бекітуді;

жылумен жабдықтау көздерінде, инженерлік желілерде қайта жөндеу, күрделі және ағымдағы жөндеу, зерттеулер мен тазалау жөніндегі қажетті жұмыстарды жүргізуді;

отын қоймаларын дайындау, электр көздерінде негізгі және резервтік отынның нормативтік қорын құруды;

ғимараттарды (үйлерді) жылу беру маусымына дайындау, үйішілік жүйелердің жабдықтарын профилактикадан өткізу, жөндеу және ауыстыру жөніндегі жұмыстарды жүргізуді қамтиды.

12. Тұтынушы немесе басқарушы компания пайдаланылатын энергетикалық желілердің, аспаптар мен жабдықтардың тиісті техникалық жай-күйі мен қауіпсіздігін, энергияны тұтынудың белгіленген режимін сақтауды, авариялар, өрттер, есепке алу аспаптарының ақаулары туралы энергияны пайдалану кезінде туындайтын өзге де бұзушылықтар туралы хабардар етуді қамтамасыз етеді.

13. Энергиямен жабдықтау шарты бойынша энергияны тұрмыстық тұтыну үшін пайдаланатын азамат абонент болған жағдайларда энергетикалық желілердің, сондай-ақ энергия тұтынуды есептейтін аспаптардың тиісті техникалық жай-күйі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндеті, егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе, энергиямен жабдықтаушы ұйымға жүктеледі.

14. Көппәтерлі тұрғын үйлерде:

үйге ортақ (үйішілік) жылыту және ыстық сумен жабдықтау жүйесін тиісті техникалық жай-күйде ұстау және қауіпсіздігі, коммерциялық есепке алу аспаптарының (үйге ортақ) және үйге ортақ меншікті құрайтын басқа да жылу тұтынатын қондырғылардың сақталуы;

энергиямен жабдықтаушы ұйым өкілдерінің жылу энергиясын есепке алудың жалпы үй аспаптарына, үйішілік инженерлік желілерге және жылу тұтынатын қондырғыларға кедергісіз қол жеткізуі;

барлық меншік иелері үшін барлығының көзбен қолуына қол жетімді орындарда үй-жайларда, сондай-ақ жалпы мүлікте жөндеу мен қызмет көрсетуді жүзеге асыратын ұйымдар, сондай-ақ коммуналдық қызметтер беруші ұйымдар туралы ақпаратты (атауы, байланыс телефондары, апаттық қызметтердің телефондары) стендтерде орналастыру;

апатты жағдайлардың туындауын қоспағанда, меншік (пәтер, үй-жай) иелеріне инженерлік желілерді сөндіру, байқап сынау немесе жұмыс режимінде болатын басқа да өзгерістер туралы алдын ала хабарлау;

үйішілік инженерлік желілерге, есепке алу аспаптарына техникалық қызмет көрсету және олардың қауіпсіздігі, сондай-ақ үйге ортақ қажеттіліктер мен жылуды жоғалтпау үшін қолданылатын жылумен жабдықтау жөніндегі қызметтерді ұтымды тұтыну мақсатында үйді жылу беру маусымына дайындау қамтамасыз етіледі.

15. Жылу желілері жабдықтарына техникалық қызмет көрсету Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 11 ақпандағы "Электр станцияларының, жылу және электр желілерінің жабдықтарына, ғимараттары мен құрылыстарына техникалық қызмет көрсетуді және оларды жөндеуді ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" № 73 бұйрығына сәйкес іс-шаралар кешенін орындауды қарастырады.

16. Жеке және заңды тұлғалар жүргізетін жұмыстар Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2017 жылғы 28 қыркүйектегі бекітілген "Жылу желілері объектілерінің күзет аймақтарын және осындай аймақтардың шекараларында орналасқан жер учаскелерін пайдаланудың ерекше шарттарын белгілеу қағидаларын бекіту туралы" № 331 бұйрығын сақтай отырып жүргізіледі.

Аталған жұмыстар орындалғаннан кейін қарамағында жылу желілері бар ұйымдар жер учаскелерін нысаналы мақсаты бойынша пайдалануға жарамды күйге келтіреді.

17. Энергетикалық кешен, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және әлеуметтік сала объектілеріндегі аварияларды жою жылумен жабдықтау субъектілерімен, жөндеу-құрылыс және көлік ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасай отырып жүзеге асырылады.

18. Жол жабындысының бұзылуын туғызатын жылу желілерін жөндеу мен қайта жаңарту бойынша жоспарлы жұмыстар құзырет бойынша жергілікті атқарушы органдармен, қарамағында жолдар бар ұйымдармен, сондай-ақ жол жүрісін ұйымдастыруды өзгерту талап етілген жағдайда, жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша атқарушы органмен келісіледі.

Шұғыл апатты-қалпына келтіру жұмыстары жергілікті атқарушы органдар, коммуналдық қызметтер өкілдерінің, сондай-ақ, оның қатысуы қажет болған жағдайда жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның қатысуымен орындалады.

19. Жылу энергия көздерін қайта жаңарту және күрделі жөндеу бойынша жұмыстар ғимараттарды электрмен жабдықтау, жылумен жабдықтау және сумен жабдықтауды қамтамасыз ету бойынша шараларды қабылдаумен жылуаралық кезеңде жүргізіледі.

20. Жылу энергия көздерінде және орталық жылу пункттерінде жыл сайын күзгі-қысқы кезеңде жылу жүктемелері қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін жұмыстар орындалады.

21. Жылумен жабдықтау сапасын қамтамасыз ететін температуралық кестелерді энергия беруші (энергия өндіруші) ұйым әзірлейді және жергілікті атқарушы органдармен келісіледі.

22. Тұтынушылардың объектілерін жылумен жабдықтау субъектілерінің жылу желілеріне қосуға техникалық шарттар Жылу энергиясын пайдалану қағидаларына сәйкес беріледі.

Тұтынушылардың жылу желісіне қайта іске қосылатын және қайта жаңартылатын жылу тұтыну жүйелерінің қосылуы кезінде энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымдарға алдағы жылыту маусымына жылу тұтынушы құрылғылар мен жылу желілерінің техникалық дайындық актісін алу үшін шаю, сығымдау және ретке келтіру актілері ұсынылады.

Кондоминимум объектілерінің инженерлік желілерінің пәтерішілік жүйелері мемлекеттік нормативтік құжаттарға сәйкес болуы қажет.

23. Көппәтерлі тұрғын үйлерді сапалы жылумен қамтамасыз ету үшін жылыту маусымы алдында жылу тұтыну қондырғыларын, жалпы үй инженерлік жүйелері мен жабдықтарын маусымдық пайдалануға дайындау қажет (жуу, сығымдау, реттеу, баптау және т. б.)

24. Жылумен жабдықтау субъектілерінің күзгі-қысқы кезеңде жұмысқа әзірлігі әзірлік паспортын алған жағдайда расталады.

Күзгі-қысқы жағдайларда барлық қуаттардағы және жылу желілеріндегі (магистралдық, орамшілік) жылыту қазандықтарының жұмысқа әзірлігі паспортын жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 2 ақпандағы "Энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдар мен жылу өндіруші, жылу тасымалдаушы субъектілердің күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік паспортын алу қағидаларын бекіту туралы" № 55 бұйрығына сәйкес береді.

25. Орталықтандырылған және жергілікті жылумен жабдықтау жүйелеріне жататын жылу энергетикасы объектілері жыл сайын жылыту маусымы басталар алдында жылыту маусымына әзірлігін тексеруден өтуге тиіс.

Орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйелеріне жататын жылу энергиясы көздерінің және жылу желілерінің жылыту маусымына әзірлігі уәкілетті орган айқындаған тәртіппен мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік орган берген әзірлік паспортымен расталады.

Жергілікті жылумен жабдықтау жүйелеріне жататын жылу энергиясы көздерінің және жылу желілерінің жылыту маусымына әзірлігі уәкілетті орган айқындаған тәртіппен тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органы берген әзірлік паспортымен расталады.

Тұтынушылардың жылумен жабдықтау жүйелері шеңберінде жылыту маусымына әзірлігі уәкілетті орган айқындаған тәртіппен жылу тасымалдаушы субъект, ал тікелей

тұтынушылар мен олардың қосалқы тұтынушыларына жылу өндіруші субъект берген техникалық әзірлік актісімен расталады.

Жылу энергетикасы объектілерін жылыту маусымында белгіленген тәртіппен берілген әзірлік паспортынсыз немесе техникалық әзірлік актісінің пайдалануға жол берілмейді. Анықталған ескертулерді жылыту маусымы басталғанға дейінгі мерзімде жою мүмкін болмаған жағдайларда жергілікті атқарушы органның немесе мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік органның шешімі бойынша жылумен жабдықтау жүйесінде анықталған ескертулерді келесі жылыту маусымы басталғанға дейін жою туралы жазбаша міндеттемемен жылу энергетикасының тиісті объектісін қысқа мерзімді кезеңге (ағымдағы жылыту маусымы аяқталғанға дейін) пайдалануға жол беріледі.

26. Салынған қазандықтарды, жылу желілерін, орталық жылу пункттерін, сорғы станцияларын, орталық жылыту және ыстық сумен жабдықтау жүйелерін, тапсырыс берушілер (тұтынушылар) және жылумен жабдықтау субъектілері пайдалануға қабылдамаған салынған үйлерді жылыту маусымына дайындауды құрылыс ұйымдары қамтамасыз етеді.

27. Көппәтерлі тұрғын үйлердің үйшілік жылу жүйелеріне техникалық қызмет көрсету және жылыту маусымына дайындық кезінде жасалған шарттарда көзделген іс-шаралар енгізіледі.

28. Жылу беру маусымына дайындық кезінде көппәтерлі тұрғын үйлерде өткізілетін ұйымдастырушылық іс-шаралар:

- кіре берістер мен жертөлелердің кіру есіктерін жөндеуді;

- шатырлар мен жертөлелердің терезелерін жабуды;

- басқыш аландар терезелерінің қосарланған шыныларын қалпына келтіруді;

- тұрғындардың пәтерлерді жылытуды қамтамасыз етуін ұйымдастыруды;

- жылу пунктінің үй-жайына жөндеу жүргізуді, қажетті жарықтандыру мен сенімді жабуды қамтамасыз етуді қамтиды.

Инженерлік желілер өтетін жертөле үй-жайларының жалдаушысы немесе иесі жөндеу және пайдаланушылық жұмыстарды жүргізетін ұйым қызметкерлеріне кедергісіз кіруді қамтамасыз етеді.

29. Сервистік қызмет субъектісі немесе жауапты тұлға жұмыстарды орындағаннан кейін көппәтерлі тұрғын үйлердің жылу тұтыну жүйелерін қабылдауды тұтынушы немесе кондоминиум объектісін басқарушы компания жүзеге асырады және тиісті актімен ресімделеді.

Жылу тұтыну қондырғылары дайын болған жағдайда жылумен жабдықтау жүйесі арқылы жылу энергиясын қабылдау үшін жылу тасымалдаушы субъектіге өтінім беріледі.

Жылу тұтынатын қондырғылардың жылу энергиясын қабылдауға дайындығын кондоминиум объектісінің тұтынушысы немесе басқарушы компаниясы айқындайды,

ол бір мезгілде кондоминиум объектісінің жылу беру маусымына дайындығы туралы тұрғын үй инспекциясына және жылу тасымалдаушы субъектіге ақпарат жібереді.

3-тарау. Жылумен жабдықтау жүйелерін байқап көру

30. Жылу беру маусымының басталуына қарай жылумен жабдықтау көздерінің, жылу беру желілерінің дайындығын тексеру және жасырын ақауларды анықтау үшін жылу энергия көздеріне, жылумен жабдықтау жүйелеріне техникалық диагностика жүргізіледі.

31. Магистральді және таратушы жылу желілерін іске қосу және байқап көру жөндеу бригадасымен жүргізіледі.

Іске қосуға дейін желінің іске қосылатын учаскедегі жабдықтарының жарамдылығы, сынау, шаю және қабылдау актілері тексеріледі.

32. Байқап көру процесінде жылу желілері, жылу энергия көздері бойынша анықталған ескертулер жылу беру маусымының басына дейін жойылады.

4-тарау. Жылу беру маусымы

33. Жылу тасымалдаушы субъект күнтізбелік жылдың 1 қыркүйегіне дейінгі мерзімде сыртқы ауа температурасына қарай алдағы жылыту маусымында жылу энергиясын беруді реттеу графигін (қаланың, ауданның) жергілікті атқарушы органымен және жылу өндіруші субъектімен келісу бойынша әзірлейді және бекітеді.

Жылумен жабдықтау жүйесіне қосу кестелерінде тұтынушыларды қосудың келесі кезектілігі сақталуы тиіс:

балалар, емдеу мекемелері және оқу орындары;

тұрғын үйлер, қонақ үйлер, жатақханалар;

қоғамдық және тұрмыстық ғимараттар, мәдениет мекемелерінің ғимараттары, әкімшілік ғимараттар, өнеркәсіп кәсіпорындары және басқа да ғимараттар.

34. Бір уақытта толтырылатын үйішілік желілердің санын анықтау кезінде жылу энергиясы көздерінің сіндіру суларымен қамтылуын, су дайындау және сіндіру құрылғыларының өнімділігін ескеру қажет.

Үш күнтізбелік күн ішінде сыртқы ауаның тұрақты орташа тәуліктік температурасы плюс 10°C және одан төмен болған жағдайда қалалар мен аудандардың жергілікті атқарушы органдары жылу беру маусымының басталуы туралы шешім қабылдайды.

35. Барлық ғимараттарды (үйлерді) қосқаннан кейін сервистік қызмет субъектісі жабдықтардың жай-күйіне тексеру жүргізеді және үйішілік жүйелердің бастапқы реттелуін жүргізеді.

Бұл ретте, жылу желілеріндегі жылытуға арналған жылу энергиясының параметрлері белгіленген температуралық графикке сәйкес келуге тиіс.

36. Пайдалану процесінде анықталған жылу энергиясы көздерінің, жылу желілері мен үйішілік жүйелердің жұмысындағы кемшіліктер жылу маусымының басына дейін жойылады.

37. Кондоминиум объектісін басқарушы компания халықтан шағымдарды қабылдауды жүзеге асырады және олардың теңгеріміндегі жылу, су құбыры, кәріз желілері мен үйішілік жүйелердегі судың ағып кетулерін жою бойынша және ұйымдастыру шараларын қабылдайды.

38. Кондоминиум объектілерінде:

үйішілік жүйелер мен жылу тұтыну қондырғыларын реттеу арқылы барлық қыздыру аспаптарын біркелкі жылыту қамтамасыз етіледі;

диафрагмалар мен шүмектерді өз бетінше (жылу тасымалдаушы субъектісінің келісімінсіз) ойып алуға, алуға және /немесе бұрғылауға жол бермейді;

сыртқы ауа температурасы теріс болған жағдайда, желілік судың айналымы тоқтатылған кезде қатып қалуын және істен шығуын болдырмау үшін жылыту жүйесінен судың сенімді босатылуын қамтамасыз етеді.

39. Жылу беру маусымы жарияланғаннан бастап:

хабарландыру сызбасы анықталады, облыстың энергетикалық кешенінің жауапты қызметшілерінің кезекшілігі белгіленеді;

кәсіпорындарда апатты-қайта қалпына келтіру бригадасы дайындалады;

ғимаратты (үйді) пайдаланушы ұйым қызметкері ғимараттың жылу тасығыш жүйесінің жұмысына және жылылаудың жай-күйіне кезеңмен тексеру және бақылау жасауды ұйымдастырады;

жылу энергиясы көздерінде резервтік және апатты жабдықтардың жұмысы, құралдардың, материалдар мен қосалқы бөлшектерінің болуы тексеріледі.

40. Жылу энергиясы көздерінде және жылу желілерінде апаттық жағдай жарияланған сәттен бастап:

барлық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және энергетикалық кешен объектілерінде тәулік бойы кезекшілік енгізіледі;

апаттық жағдайларда пайдалану үшін кәсіпорындар мен ұйымдарда тетіктермен және материалдармен қамтамасыз етілген қосымша апаттық-жаңғырту бригадалардың күшейтілген дайындығы енгізіледі.

5-тарау. Жылу беру маусымының аяқталуы және жылу беру аралығы кезеңінде ыстық сумен жабдықтауды қамтамасыз ету

41. Жылу беру маусымының аяқталуы жыл сайын хабарланады.

Үш күнтізбелік күн ішінде сыртқы ауаның тұрақты орташа тәуліктік температурасы плюс 10°C және одан жоғары болған жағдайда қала және аудандардың жергілікті атқарушы органдары жылу беру маусымының аяқталуы туралы шешім қабылдайды.

42. Жылу беру маусымы аяқталғаннан кейін ғимаратты (үйді) пайдаланушы ұйымдар орталық жылу беру жүйесін сөндіреді және ыстық сумен жабдықтау жүйелерінің жұмысын жазғы сызба бойынша қамтамасыз етеді.

43. Жылуаралық кезеңде жылу тасымалдаушы субъект жылу энергиясы көздері мен жылу желілері жабдықтарының бекітілген жұмыс сызбасы бойынша тұтынушыларды ыстық сумен жабдықтауды қамтамасыз етеді. Су бөлетін нүктелеріне (шүмектерге, араластырғыштарға) берілетін судың температурасы техникалық және санитарлық нормалардың талаптарына сай болуы тиіс.

44. Жылумен жабдықтау жүйелерін жөндеу жыл сайын 1 қыркүйекке дейін жүргізіледі.

6-тарау. Қағидаларды бұзғаны үшін жауапкершілік

45. Қағидаларды бұзғаны үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес анықталады.